

**«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы
бойынша білім бөлімі Тасты ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ**

Педагог- психологтың жұмысын талдау 2023-2024 оқу жылы

Психолог қызметінің негізгі мақсаты:

Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушыларды психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасын қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени - өнімдік тұлға болуға әсер ету;
- Әрбір оқушының өз мінез- құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету;
- Жекелеген ауытқушылықтардың алдын –алу.

Психологиялық қызметтің негізгі 5-бағыты :

1. Әдістемелік
2. Диагностикалық
3. Кеңес беру
4. Коррекциялық (түзету жұмыстары)
5. Ағарту және профилактикалық

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде анықтама.

Мақсаты:

Оқушылардың психо-эмоционалдық көңіл-күйін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, зейінін шоғырландыруын, үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін диагностикалау.

Міндеттері:

- ▶ Тест «Мектепке келгендегі оқу қабілетін зерттеу» ;
- ▶ Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау ;
- ▶ Балалардың оқу мотивациясын анықтау;
- ▶ Оқушының үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігі, құрбыларымен қарым-қатынасына бақылау.
- ▶ Ата-ананың қаншалықты дәрежеде балаға көмектесуін анықтау

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында 1 «а» сыныбында 12 оқушы бар 1 «б» сыныбында 14 оқушы бар. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. 1 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.

Сынып жетекшісі:Молдабаева А.С. Капасова К.Б. Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, Сынып жетекшісі оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілері сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалу бар.

Мектептің оқу- тәрбие жұмыс жоспары бойынша 14 қараша бірінші сыныптардың бейімделуін бақылау мектеп психологы тарапынан жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.


Ұсыныс: Мектеп ережесін барлық оқушылар сақтайды.

Қараша айы бойынша 1 «а» - 1 «Б» сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде қорытынды есеп.

Қараша айында 1 «а» сынып оқушыларынан «Баспалдақ әдістемесі», «Социометрия» әдістері алынды.

Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін және достары арасында орынын анықтау. **Қатысты:** 13 оқушы **Қатыспағаны:** 0

Сынып	Жоғары	Орташа	Төмен
1 «А»	1	10	1



Қорытынды: Сынып оқушыларының мінездері ауыспалы соған байланысты бір-бірімен қарым-қатынастары да ауыспалы. Оқушылардың өздерің бағалауы жақсы, бір оқушы төмен.

Сыныптың қарым-қатынасы орташа деңгейде. **Коррекциялық жұмыс:** Сыныппен тренинг өткізу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған әдістермен жұмыс.

19.11.21 күні 1 «б» сыныбымен тренинг сабақ өтті. Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау. Оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын бақылау. Қатысты: 7 оқушы.

1 «б» сынып оқушыларымен «Кел танысайық» тренингі өтті. Барлық оқушылар өте белсенді қатысты. Өздерінің сүйікті істері, достары, мектепте оқығандары ұнайтындарын айтты.



10-сынып оқушыларының жоғарғы буынға және 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімділігі. «Социометрия» өзін өзі бағалауы. «Мектепке, оқуға көзқарасы анықталды «Н.Г. Лусканова» сауалнамасы алынды.

«Н.Г.Лусканова» әдістемесі

Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау.

- Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекшеленеді.
- Оқушының жүріс-тұрысының мотивтерін білмей, оны тәрбиелеуге болмайды. Өйткені сол бір мінез-құлық, оқушыны ынталандыратын мотивтерге байланысты, түрлі кнегелі болуы мүмкін.
- 10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап - 0 балл, бейтарап -1 балл, оң жауап - 3 балл). 30-25 балл жинаған оқушылар мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін. 20-24 балл ортаңғы норманы, 15-19 балл ішкі мотивацияны, 10-14 балл және одан төменгі балл - мектепке деген теріс қарым-қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді.

Сауалнама сұрақтары.

1. Саған мектеп ұнайды ма немесе ұнамайды ма?
2. Таңертең сен ұйқыдан тұрғанда мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келеді ме?
3. Егер мұғалім мектепке ертең барлығыңның келуің шарт емес, келгісі келген оқушылар ғана келсін десе, сен коррекция сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?
4. Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнайды ма?
5. Саған үй тапсырмасын бермегенін қалайсың ба?
6. Сен сабақта үзілістің көп және ұзақ болғанын қалайсың ба?
7. Сен ата-анаңа мектеп жайында жиі айтасың ба?

8. Саған мұғалімнің қатал болғаны ұнайды ма?


9. Сенің сыныпта достарың көп пе?

10. Сыныптастарың саған ұнайды ма?

Оқу мотивациясының динамикасын бағалау үшін сауалнамада сұрақтар қайталанып келеді. Оқу мотивация деңгейінің төмендеуі баланың мектеп дезадаптациясының көрсеткішін, ал оның жоғарылауы - оқудағы және дамудағы оң динамикасын білдіреді.

Нәтижесі:

1. Саған мектеп ұнайды ма немесе ұнамайды ма? – 92%
2. Таңертең сен ұйқыдан тұрғанда мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келеді ме?-88%
3. Егер мұғалім мектепке ертең барлығыңның келуің шарт емес, келгісі келген оқушылар ғана келсін десе, сен коррекция сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?73%
4. Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнайды ма?-50%
5. Саған үй тапсырмасын бермегенін қалайсың ба?-75%
6. Сен сабақта үзілістің көп және ұзақ болғанын қалайсың ба?- 100%
7. Сен ата-анаңа мектеп жайында жиі айтасың ба?-90%
8. Саған мұғалімнің қатал болғаны ұнайды ма?- 50%
9. Сенің сыныпта достарың көп пе?-100%
10. Сыныптастарың саған ұнайды ма?- 98%



1 сынып оқушыларының ата-аналарына кеңестер жазылған жадынамалар таратылды. Балаға айтқан әр сөзіміз өмір бойы оның есінде сақталатынына мінезінің қалыптасуына әсер ететініне кейде мән бере бермейміз. Сіздің

балаңызға керек нәрсенің ең маңыздысы бұл сіздің ықыласыңыз. Оған көңіл бөліп төменде көрсетілген кеңестерді жиі айтуға тырысыңыз. Сонда бала мен сіздің араңыз бұрынғыдан да жақындай түседі. Балаңыздың мектепке тез бейімделуіне көмектесесіз.

1 сыныпқа адаптациялық «Бір-екі» жаттығуы өткізілді. Мақсаты: бірінші сынып оқушылармен танысу.

«Түрлі түсті боялуайлар» әр партада отырған екі бала бір қарындаштар жиынымен жұмыс істейді. Әр қайсыларының алдында биялайдың суреті берілген. Әр жұп бұл биялайларды қалай безендіретіндері жайлы келісіп өрнектері бірдей және әдемі қылып бояу ұсынылды.

1 сыныпқа адаптациялық «Бір-екі» жаттығуы өткізілді. Мақсаты: бірінші сынып оқушылармен танысу.

4-5 сынып оқушылары «Qabilet» Қызметі» жобасы бойынша тестілеуден өтті. Мақсаты: балалардың қабілетін диагностикалау және оқушыларды кәсіптік бағдарлау.

5 сынып білім алушыларымен бейімделу деңгейін анықтау мақсатында Н.Г. Лусканов сауалнамасы арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға 23 оқушы қатысты.

Интерпретация:

Оқушылардың танымдық процестері жоғары үлесі - 17 оқушы - 74% жоғары

Оқушылардың танымдық процестері орташа үлесі - 3 оқушы - 13% орташа

Оқушылардың танымдық процестері төмен үлестері - 3 оқушы - 13% төмен

Нәтижесінде 3 оқушының бейімделуі төмен көрсеткіш көрсетті. Себебі бейімделуі төмен оқушылардың сынып ұжымымен коммуникацияның болмауы, орта буынға өту кезеңінде оқушыларға пән мұғалімдерінің педагогикалық қолдау аздығы.

5 сынып оқушыларына «Танысу» тренингі өткізілді.

5 сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау үшін Филипс тесті алынды. Филипстің мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында тест жүргізіліп, нәтижесі бойынша оқушылардың қобалжу деңгейі факторлар бойынша жоғары еместігі анықталды.

«Біз 5 сынып оқушысымыз!» тренинг

Мақсаты: балалардың өз-өздерін тануға, психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы

сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-9 сынып оқушыларына мектеп медбикесімен біріге отырып, түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Зорлық-зомбылықтың алдын-алу жөнінде 9 сынып оқушыларымен слайд, видео арқылы алдын-алу жұмыстары жүргізілді.

3 сынып оқушыларымен оқу мотивациясын анықтау үшін Н.Г.Лускановтың сауалнамасы әдістемесі алынды.

Қорытынды: сауалнамаға 10 оқушы қатысты. 3 оқушы тест нәтижесі төмен көрсетті. Тест нәтижесі бойынша 7 оқушының оқу мотивациясы жоғары екендігі анықталды.



2 сынып оқушыларынан М.А.Панфилованың «Кактус» әдістемесін қолданып сурет арқылы тест алынды. Нәтижесінде агрессияға бейім бала жоқ

2 сынып және 3 сынып оқушыларына психологиялық жаттығулар жүргізілді.

5 сынып ата-аналарына бейімделуіне байланысты ата-аналарға жиналыс өткізілді.

5 сынып оқушыларының ата-аналарына «5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» бойынша жадынамалар мен кеңестер берілді.

Әлеуметтік желі және ата-аналар чаты арқылы ата-аналарға «баланың оқу мотивациясын қалай көтеруге болады» кеңестері берілді. Балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету үшін CALL-орталық өз қызмет нөмірі және @callcenterkz Instagram-аккаунты @doctors_of Telegram-каналынан көмек алуға болатындағы жарияланды. 5 сынып оқушыларының ата-аналарына «5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» бойынша жадынамалар мен кеңестер берілді.

2023-2024оқу жылындағы жоспарға сәйкес психодиагностика, психологиялық түзету, дамыту, психологиялық ағарту, кеңес 1-11 жалпы сынып аралығында, оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға атқарылатын жұмыстың бағыттары бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды. Жоғарыдағы мақсаттарды орындау барысында жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар:

Қараша айында оқушылардың психологиялық саулығын бағалау шкалалары. «Менің армандарым» 5 сынып «Мен өзгерткім келеді» 8 сынып «Мен таңдаған өмір» 9 сынып Эссе жазды. Өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша сауалнама алынды.

Мақсаты: Тұлғаның жақсы 10 қасиеті бойынша өзін қалайша санайтынын және бағалайтынын анықтау.

Қорытынды: Қатысқан балалардың 3 оқушы 25% өздерін өте жоғары бағалаған, 3 оқушы 25%-ы жоғары, ал 6 оқушы 50%-ы орташа бағалаған. Балалардың берген 5 және 10-жауаптары бойынша 6 бала өзін адекватты бағалаған және олар өздерін жақсы немесе орташа бағалаған. Бұл оқушылар өздеріне сын көзбен қарайтын оқушылар. Оқушылардың мамандыққа икемділігін зерттеу барысында 9-сыныптан мамандық туралы Е.А.Климованың әдістемесі бойынша сауалнама алынды.

Мақсаты: кәсіби-тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау болып табылады. Оқушыларға мамандық таңдауға байланысты психологиялық көмек көрсетілді. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!» тақырыбында 7 сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

8-11 сынып оқушыларынан мектептегі мазасыздығын анықтайтын жасөспірімдердің қауіпті белгілерін анықтауға арналған әдістеме. Бұл әдістеме оқушылардың күйзеліс жағдайын және қарым-қатынасты анықтауға арналған «Филлипс тесті» алынды. Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы бойынша оқушылардың жалпы эмоциялық процессінің бейімделу кезеңі – мазасызданушылық, танымдық белсенділігі және оқуға деген мінез-құлықтарының қалыпты жағдайда екені анықталды. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың және зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы тренинг өткізілді. 6 -9 сынып оқушылар арасында жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру, оқушылардың ішкі сана сезімін түсіну, өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алу, өмірге құлшынысын ояту.

6,7 сынып оқушыларына «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлыққа бой алдырмаудың шаралары тренингі 6 сыныпқа өткізілді.

8 сынып оқушыларына психокоррекциялық сабақ өтілді. «Қауіпті жағдайлар.Сыпайы бас тарту»тақырыбында.

«Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында психокоррекциялық сабақ өткізілді.

Құқық бұзушылық туралы ауылдың учаскелік полициясы және тарих мұғалімі Ермұханбетова К.С. мен бірлесе 9-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмысы жүргізілді.



11 сынып оқушыларынан «Стресс»тесті алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың танымдық белсенділік деңгейін, мазасыздану және жағымсыз қызу әсерленушіліктердің барысын айқындауға болады.

Әдістеме жұмысын өткізгеннен кейін, оқушылардың жалпы эмоциялық процессінің бейімделу кезеңінде – мазасызданушылық, танымдық белсенділікті арттыру және оқуға деген мінез-құлықтарының өзгергенін көре аламыз.

Мектеп бітірушілерге арналған тренинг 11 сынып оқушыларына өткізілді. Тренинг — сабақтың мақсаты: ҰБТ тапсырушы 11 — сынып оқушыларының бойындағы стрестік қалыптан арылту, сенімді мінез — құлық дамыту.Тренингтің элементінде оқушылар өздерінің менін анықтап, ішкі сезімдерін сыртқа шығарды.

Желтоқсан айында 5 сынып оқушыларынан Л.П.Пономаренконың «Ағаш»әдістемесі алынды. Одан кейін А.А.Лескованың «Менің сыныбым» әдістемесі сурет арқылы алындыю

5 сынып оқушыларының темперамент типін анықтауға арналған әдістемені қолдана отырып,темперамент сауалнамасы алынды. .

«Ерте жүктіліктің алдын алу» жөнінде медбикемен бірлесе отырып 8-11 сынып қыздар арасында түсіндірме жұмысы жүргізілді.



«Ашу ыза билегенде не істеу керек?» 6 сыныптармен тренинг сабақ.



«Татулық достық кілті» Ар ұят: достарына, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту. 6-10 сыныптар арасында тренинг сабақ өтті.



«Мектептегі көңіл күй» тренингі



8-11 сынып қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.

Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуден, ерте жүктіліктен сақтау, олардың зияндары мен зардаптары жайында түсіндіру.

Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеу етіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді. Оң жақта отырып, Алла Тағаланың берген қыздық қасиетін сақтай алмаған қыздардың өз тағдырына да жауапсыз қарағаны. Ондай қыздар келін деген, болашақ ана деген атқа лайықты деп айта алмаймын. Мұндай қыздарға бір әулеттің жауапкершілігін сеніп тапсыруға болмайды. Сондықтанда бүгінгі дөңгелек үстелімізде жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктен сақтану жайында сөз өрбітпекпіз.

Ерте жүктілік деген не?

Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.

Ерте жүктілік немен қауіпті?

Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсистоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар?

Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек.

Ерте жүктіліктің нәтижесі.

Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен, жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы) жас ана тығырыққа тіреледі: білімі жоқ, жұмысы жоқ, баланы күтіп-бағуға ақшасы болмайды. Осының бәрі жалғыз бір жас анаға ауыр болатындықтан, көп жағдайда аналар баласын балалар үйіне өткізіп жатады. Ал бұл өкінішке орай, ерте жүктілік салдарынан болатын, жиі кездесетін оқиға.

ХАТТАМА

Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуден, ерте жүктіліктен сақтау, олардың зияндары мен зардаптары жайында түсіндіру.

Кездесудің мақсаты: Қыз балалар арасында ерте жүктіліктің алдын алу жолдары.

Білім беру ұйымының атауы: «Тасты ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Кездесу уақыты:

Қатысқандар: 8-9-10-11 сынып оқушылары

Қысқаша мазмұны.

Сәлеметсіңдер ме.

Бүгінгі кездесуіміздің тақырыбы Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуден, ерте жүктіліктен сақтау, олардың зияндары мен зардаптары жайында түсіндіру.

Ерте жүктілік немен қауіпті? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді- жүрек қан тамыры эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес. Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеу етіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы

ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді. Оң жақта отырып, Алла Тағаланың берген қыздық қасиетін сақтай алмаған қыздардың өз тағдырына да жауапсыз қарағаны. Ондай қыздар келін деген, болашақ ана деген атқа лайықты деп айта алмаймын. Мұндай қыздарға бір әулеттің жауапкершілігін сеніп тапсыруға болмайды. Сондықтанда бүгінгі дөңгелек үстелімізде жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктен сақтану жайында сөз өрбітпекпіз.

«Эмоцияны басқарып үйренейік».

Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы агрессивті мінез-құлықтың алдын-алу және агрессияны басқара білуге қалыптастыру.

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, газет, А3 қағазы, маркерлар, жұмсақ ойыншық, нақыл сөздер

Өткізілген уақыты:, 2023 жыл.

Өткізілген орны: 12 кабинет

Қатысқандар:5-11 сынып оқушылары.

2019 жылдың ақпан айында 5-11 сынып оқушылары арасында **«Эмоцияны басқарып үйренейік»** тақырыбында тренинг өткізілді. «Көрме» жаттығуында оқушылар бойындағы ашу-ызасын көз алдына елестете отырып, ойша шығара алды.

«Сен агрессияны қалай жеңесің?» бейнеролигі көрсетіліп, оқушыларға сұрақтар қойылды. Оқушылар арасында агрессия дұрыс жеңіп, басқара білетін оқушылар болса, ал бірі агрессияны күшпен немесе, еш әрекет жасамайтын оқушылар болды.

«Газет» жаттығуында оқушылар газетті бір қолымен сілкіп жырту арқылы ішкі қысымнан арылып, босаңсуды сезіне алды.

«Екі теке» жаттығуында оқушылар өз эмоциясын шығару мен қатар бақылап, басқаруға үйренді.

Шешімі: тренинг қойылған мақсатқа қол жеткізді. Агрессия жайында түсініктерін кеңейіті және агрессияны қалай жеңуге, бақылау білуге үйренді.

Мектеп бітіруші сынып оқушыларына мамандық таңдауға педагогикалық психологиялық бағытта психологиялық сабақ:

«ҰБТ дегеніміз не және оның маңыздылығы қандай?» Кәсіптік бағдар «Кім болғым келеді» тренингі.

Емтихан алдында психологтың кеңесі

Психолог кеңесі

1. Емтиханның алдында міндетті түрде ұйқыңды қандыр.
2. Өз ойларыңды жинақта.
3. Сыныпқа бақылаудан ойдағыдай өтетіңіз сеніммен кірі.
4. Мұғалімнің айтқандарыңа назарыңды қойып тыңдап ал, кейін сұрақ қойып уақытыңды бөлме.
5. Тапсырмаларды асықпай, мұқият оқып орында.
6. Ең алдымен өзің жауаптарыңа сенімді тапсырмаларды орында.
7. Егер жауабыңа сенімсіз болсаң – өзіңнің ішкі сезіміңе сен.
8. Орындаған тапсырмаларыңды тексеруге де уақыт қалдыр.
9. Жақсы баға алғың келсе, тапсырмаларды 75 – 80% - ға орында.

Ежелгі заман философы Вергилий «Жеңіске сенген адам ғана жеңіп шығады», - деген. Сенім білімнен шығады, сонымен қатар сенім білімнің қанаты.

Сәттілік тілеймін!

Советы психолога

1. Перед экзаменом обязательно хорошо выспись.
2. Соберись с мыслями.
3. Смело входи в класс с уверенностью, что все получится.
4. Слушай внимательно, чтобы не отвлекаться в дальнейшем и не задавать лишних вопросов.
5. Не спеши, внимательно читай задание.
6. Посмотри все вопросы и начни с тех, в ответах на которые ты не сомневаешься.
7. Если ты сомневаешься в правильности ответа, тебе сложно сделать выбор. Доверься своей интуиции!

8. Оставь время для проверки своей работы хотя бы для того, чтобы успеть пробежать глазами и заметить явные ошибки.

9. Если хочешь получить хорошую оценку, выполняй задания на 75 – 80 %

Древний философ Вергилий сказал: «Победит только тот, кто верит в победу». Вера исходит из знания, а вера – крыло знания.

Мектеп директорының тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, оқу-тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарларымен тығыз байланыста болып жұмыстар өз деңгейінде жүргізіліп отырды. Жыл бойы мектептегі психологиялық қызмет жоспар бойынша өз жұмысын жалғастырды және алға қойған мақсатқа жетті. Келесі оқу жылына сәттілік.

Мектеп психологы:

Кульжанова М.Ж

